

Балаларға адамгершілік тәрбие берудегі қазақтың халық ертегілерінің маңызы

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: Ертегілер, олардың түрлері, ертегі кейіпкерлері, халықтың-арманы арқылы ертегілердің маңызын түсіндіру
2. Тәрбиелік: Ертегінің жағымды кейіпкерлері арқылы адамгершілікке, жаман әрекет иелері іс-әрекеттері арқылы жамандықтан жиренуге тәрбиелеу.
3. Дамытушылық : оқушылардың әдеби дүниетанымдарын кеңейту.

Жоспар:


1. Адамгершілік тәрбиесі туралы түсінік
2. Ертегінің ерекшеліктері: ұлыстық, оптимистік ,
үлгілік , сюжеттік қызығушылығы, қызықтылық
дидактикалық;
3. Ертегі – адамгершілік идеяларының асыл қазынасы

Фольклордың қара сөзбен айтылатын, ерекше мол түрінің бірі — ертегі. Ол халықтың ауызша айтатын көркем әңгімесі. Осы ауызша әңгімелері, ертегілері арқылы еңбекші халық бақыт туралы, еркін өмір, жайлы мекен туралы үміт, армандарын баяндайды. Ертегіде баяндалатын сан алуан қызық уақиғалар шындықтан гөрі, көбіне қиял дүниесі тудырған.



"Ертегі" деген ат ертеде, ерте күндегі деген сөздерден туған. Кейде "ертек" деп те айтылады. Содан ертегі айтушыны "ертегіші", "ертекші" дейді. Осы аты көп ертегінің басында әдейі айтылып, аумай аталып та отырады. Қазақ ертекшісінің де көптен-көп ертегісін: "ертеде бір бай бопты", "ертеде бір хан бопты", "ертеде бір кемпір мен шал бопты" деп бастайды. Немесе "ертек-ертек ерте екен" деген сияқты көп ертектерге ортақ, ерекше өлеңше бастаумен келеді.





Ертегілері
жанрлық әрі
сюжеттік
құрамы
жағынан әр
алуан:



Мақта қыз бен мысық

ертегі

Бөдененің құйрығы неге қысқа?



Бұл былай болған екен. Ертеде мынау, төмен жақта бір биік тау болыпты. Ол таудан әрі қарай ешбір құс асып өте алмапты. Нелер ұшқыр, қыран құстар талаптанып көріпті. Бірақ, шамалары келмепті. Бүркіттің ұшқыш қыраны келіпті, аса алмапты. Қырғидың атақтысы келіпті, ол да аса алмапты. Ең соңында «енді кім қалды?»-дегенде, бөденеден басқаның бәрі сыннан өтіп біткен екен. Бөдененің атақтысы шақырылыпты.

-Тәуекел!-деп, бөдене ұша жөнеліпті. Шырқап көтеріліп барып, таудан ол да аса алмапты. Сонан соң ызаланған бөдене зымырап құйылғаннан құйылып кеп, тауды көкірегімен соққан екен дейді. Сонда ол таудың ар жағына бір-ақ түсіп кетіпті. Міне, содан бері қарай бөдене қонғанда аяғымен қонбайды, көкірегін жерге соға қонады. Ал, құйрығы нағып қысқа десек, әлгі тау тесігінің арасында жұлынып қалып қойыпты. Әйтпесе, бұрын бөдененің құйрығы қырғауылдың құйрығындай ұзын болса керек. Сөйтіп, биік таудан аса алмаған құстар әрі қарай бөдене тескен тесіктен асып барыпты дейді.

Пысықтау сұрақтары

1. Бұл ертегіні ертігінің қай түріне жатқызамыз?
2. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің тәрбиелік мәні қандай?
3. Қазақ халық ертегілерін білесің бе, оларды ата
4. Болашақ педагогтарға ертегінің қандай қажеттілігі бар?

1

2

3

4

5

6

«Ер Төстік» ертегісінің кейіпкерлерін ата.




Таусоғар, Көлтауысар, Желаяк, Бапы хан,
Еразар , перінің қызы Бекторы қай ертегі
кейіпкерлері?



**Ер Төстік, Керқұла атты Кендебай, Сырттан
жігіт барлығын бір сөзбен қалай атауға
болады?**



**«Керқұла атты Кендебай» ертегісінің
кейіпкерлерін ата.**



Хайуанаттар ертегісі кейіпкерлеріне
кімдер , әлде нелер деп сұрақ қоямыз ба ?

40 өтірік айтқан бала кім?





Тазша бала

Түйін

- ✓ Ертегі – бұл кішкентай дән, баланың өмірлік құбылыстарға эмоцияның баға беруі осы дәннен өсіп жетіледі.
- ✓ Ертегі – бұл ой бесігі, бала тәрбиесін жолға қойғанда, ол осы бесік жөніндегі толғанулық естеліктерді өмір бойы сақтайтындай ету керек
- ✓ Ертегі – бұл ойлау ләззаты, баланың ойлауға өз қабілетін орнықтырады, сол арқылы өзінің ар-намыс сезімін орнықтырады.

Назарларыңызға рахмет!!!

